**2008 жылғы Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығын беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1200 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналарға ғылыми жұмысы, шығармашылық және қоғамдық жемісті қызметі үшін 2008 жылғы Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығы берілсін:

## "Театр және кино" номинациясы бойынша

Әбдыхалықов Сәбит Әбдімүтәліұлы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" мемлекеттік мекемесінің оқытушысы

Есдәулетов Рүстем Оразбайұлы - "Шығыс Қазақстан облыстық Жамбыл атындағы драма театры" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры

## "Журналистика" номинациясы бойынша

Төлепбергенов Болатбек Көрпебайұлы - "Қазақстан" телерадиокешені "Шалқар" радиосының бас редакторы

## "Әдебиет" номинациясы бойынша

Аязбекова Жәмилә Скандарбекқызы - "әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті" республикалық мемлекеттік кәсіпорны филология факультетінің 1-курс студенті

Қыдыралиев Дархан Қуандықұлы - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің сарапшысы

## "Ғылым" номинациясы бойынша

Малдыбаева Раушан Сабыржанқызы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Қазақ ұлттық музыка академиясы" мемлекеттік мекемесінің кафедра меңгерушісі

Өтеғұлов Арман Болатбекұлы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының электроэнергетика кафедрасының доценті, техника ғылымдарының кандидаты

**"Қоғамдық қызмет" номинациясы бойынша**

Өтешев Нұрлан Сүлейменұлы - "Нұр Отан" Халықтық-демократиялық партиясы "Жас Отан" жастар қанатының хатшысы

Бегентаев Мейрам Мұхаметрахымұлы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры

**"Эстрада" номинациясы бойынша**

Таңатаров Досымжан Қарпықұлы - Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы Президент оркестрінің әншісі

**"Классикалық музыка" номинациясы бойынша**

Әбдінұров Әліби Құттымбетұлы - Астана қаласы Мемлекеттік филармониясы симфониялық оркестрінің дирижеры

**"Халық шығармашылығы" номинациясы бойынша**

Тұрсынбаева Айнұр Жұмабекқызы - "әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының оқытушысы, ақын, айтыскер

Шойбеков Бекарыс Ақсақалұлы - Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті Түркология ғылыми-зерттеу институтының қызметкері

**"Дизайн және бейнелеу өнері" номинациясы бойынша**

Жамхан Айдар Жамханұлы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Т. Жүргенов атындағы Қазақ

ұлттық өнер академиясы" мемлекеттік мекемесінің оқытушысы

Мұқанов Мәлік Флоберұлы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" мемлекеттік мекемесінің оқытушысы

Шәкерхан Жанар Тастемірқызы - "Жан" art-studioсының директоры

## "Спорт" номинациясы бойынша

Сәрсекбаев Бақыт - Пекин қаласындағы XXIX жазғы Олимпиада ойындарының чемпионы, Қазақстан Республикасының бокстан ұлттық құрамасының мүшесі

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығының 2008 жылға арналған мөлшері әр номинация бойынша 200000 (екі жүз мың) теңге сомасында белгіленсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК